



МУХРАП- ЖАЗАЛЫ



№65
(2130)
Сенбі
22 шілде
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ ҚАРАҚҰМ БЕТКЕЙДЕГІ «ШӘКЕН» АУЫЛЫНА БАРДЫ



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Қарақұм беткейдегі «Шәкен» ауылына арнайы барып, елді мекен тұрғындарымен кездесті.

Аудан басшысы алдымен жыл басынан бері ауданда атқарылып келе жатқан жұмыстарды айтып өтті. Сонымен қатар, «Ауыл аманаты» жобасының тиімді тұстарына тоқталды. Мұнан соң жылу маусымына дайындық мәселелерін пысықтап, тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді.

Басқосуда «Шәкендегі» жұртшылық жол мен

трансформаторлық қосалқы стансасы жайын көтерді.

Тұрғындар жеткізген мәселелерге байланысты аудан басшысы жауап беріп, айтылған ұсыныстарды шешу үшін жүйелі жұмыс жүргізілетіндігін тілге тиек етті.

«Шәкен» ауылына сапар кезінде аудан әкімі Мұхтар Оразбаев №134 мектептің жұмысымен танысып, білім ордасының жаңа оқу жылына дайындығымен танысты. Сондай-ақ, мектеп жанындағы интернатты аралап, ондағы жатын орын, оқу кабинеттерін көрген аудан әкімі мектеп



басшылығына ғимаратқа ұқыптылықпен қарауды тапсырды.

Мұнан кейін аудан әкімі «Шәкен» ауылдық округіне қарасты «Шилі» елді мекеніне жол тартты. Ауылдағы білім ордасының ауласында тұрғындармен кездескен аудан басшысы ел ішіндегі жұмыстарға тоқталып болған соң, ұсыныс-пікірлерге құлақ түрді.

«Шиліліктердің» айтуынша, қазіргі күні ұялы байланыс желісінің сапасын жоғарылату мен аяқсу мәселесі өзекті болып тұр. Одан бөлек, мем-

лекет тарапынан берілетін жеңілдетілген несиені иеленгісі келетін тұрғындар гранттың қалай алуға болатынын сұрады.

Әрбір сауалға жеке-жеке тоқталып, шешу жолдарын түсіндіріп берген аудан басшысы ауылдағы №259 негізгі мектептің жаңа оқу жылына дайындығынан хабар алды.

Кездесулерде аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Талайлы Бөріқұлақов сөз сөйлеп, елді ауызбіршілікке шақырды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен әкімдік және аппарат мәжілісі өтті. Жиын басталмас бұрын аудан әкімі Қазалы ауданы бойынша Қазынашылық басқармасының басшысы лауазымына тағайындалған Ертуған Қонақбаевты таныстырып, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Мәжілісте күн тәртібіндегі бірқатар өзекті мәселелер қозғалды.

Бірінші кезекте «2023-2024 жылдар аралығындағы жылу беру маусымы кезеңіндегі әлеуметтік-мәдени нысандардың дайындығы» туралы айтылды. Бұл мәселе жөнінде аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мұрат Әбсұлтанов баяндама жасап, атқарылып жатқан жұмыстармен



таныстырып өтті.

Аудан басшысы Мұхтар Оразбаев жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын бақылауға алуды сала мамандарына қатаң түрде тапсырды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе «2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы

әлеуметтік –экономикалық даму қортындылары» жөнінде аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Әліби Әбиев баяндама жасады. Баяндама барысында бірқатар сұрақтар қойылды.

Содан соң аппарат мәжілісінің басқосуы жалғасын тапты.

Мәжілісте «2022-2024 жылдарға арналған салық және бюджетке төленетін төлемдердің резервтерін анықтау жөніндегі алгоритм» және салық салу базасын ұлғайту жұмыс тобының 1-ші жартыжылдықта атқарған жұмыстары баяндалды. Бұл мәселе жөнінде баяндаманы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Әліби Әлиев пен Қазалы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Темірлан Қожаназаров жасап, атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтті.

Мәжілісті қортындылай келе, аудан әкімі Мұхтар Оразбаев бірқатар сала басшыларына жұмысты жақсарту жөнінде қатаң ескерту жасап, алдағы уақытта барлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану қажеттігін ескертті.

**Ұлпан ІБІРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 3 НАУРЫЗДАҒЫ «ӘКІМДЕРДІҢ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ» №826 ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ЖӘНЕ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ ҚАЛА, КЕНТ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ІІІ ТОҚСАНДАҒЫ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУЛЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

№	Кездесу өткізілетін әкімшілік-аумақ атауы	Өткізілу уақыты	Өткізілетін елді мекен атауы, орны
9 тамыз (сәрсенбі)			
1.	Шәкен ауылдық округі	09.08.2023 жыл сағат 11.00	Шәкен ауылы, ауылдық клуб
14 тамыз (дүйсенбі)			
2.	Қарашеңгел ауылдық округі	14.08.2023 жыл сағат 10.00	Жалаңтөс батыр ауылы, ауылдық клуб
3.	Құмжиек ауылдық округі	14.08.2023 жыл сағат 11.00	Қ.Пірімов ауылы, ауылдық клуб
4.	Басықара ауылдық округі	14.08.2023 жыл сағат 12.00	Басықара ауылы, ауылдық клуб
5.	Ғ.Мұратбаев ауылдық округі	14.08.2023 жыл сағат 17.00	Ғ.Мұратбаев ауылы, мәдениет үйі
16 тамыз (сәрсенбі)			
6.	Сарыкөл ауылдық округі	16.08.2023 жыл сағат 10.00	Абай ауылы, ауылдық клуб
7.	Келарық ауылдық округі	16.08.2023 жыл сағат 11.30	Ақтан батыр ауылы, ауылдық клуб
8.	Өркендеу ауылдық округі	16.08.2023 жыл сағат 16.00	Жанкент ауылы, ауылдық клуб
9.	Бірлік ауылдық округі	16.08.2023 жыл сағат 17.00	Бірлік ауылы, ауылдық клуб
17 тамыз (бейсенбі)			
10.	Арықбалық ауылдық округі	17.08.2023 жыл сағат 10.00	Жанқожа батыр ауылы, мәдениет үйі
11.	Майдакөл ауылдық округі	17.08.2023 жыл сағат 11.30	Бекарыстан би ауылы, мәдениет үйі

12.	Алға ауылдық округі	17.08.2023 жыл сағат 15.00	Ү.Түктібаев ауылы, ауылдық клуб
13.	Ақжона ауылдық округі	17.08.2023 жыл сағат 16.00	Майдакөл ауылы, ауылдық клуб
18 тамыз (жұма)			
14.	Майлыбас ауылдық округі	18.08.2023 жыл сағат 10.00	Ақсуат ауылы, ауылдық клуб
23 тамыз (сәрсенбі)			
15.	Аранды ауылдық округі	23.08.2023 жыл сағат 10.00	Қожабақы ауылы, мәдениет үйі
16.	Бозкөл ауылдық округі	23.08.2023 жыл сағат 11.30	Бозкөл ауылы, мәдениет үйі
17.	Қызылқұм ауылдық округі	23.08.2023 жыл сағат 15.00	Кәукей ауылы, №225 мектеп
18.	Тасарық ауылдық округі	23.08.2023 жыл сағат 17.00	Тасарық ауылы, ауылдық клуб
25 тамыз (жұма)			
19.	Сарбұлақ ауылдық округі	25.08.2023 жыл сағат 11.00	Сарбұлақ ауылы, ауылдық клуб
6 қыркүйек (сәрсенбі)			
20.	Қазалы қаласы	06.09.2023 жыл сағат 11.00	Қазалы қаласы, мәдениет үйі
8 қыркүйек (жұма)			
21.	Әйтеке би кенті	08.09.2023 жыл сағат 11.00	Әйтеке би кенті, аудандық мәдениет орталығы

Ескертпе: Халықпен кездесулерден кейін аудан әкімі азаматтарды жеке қабылдау өткізеді.

Қазалы ауданы әкімі аппаратында әкімдердің халықпен кездесулеріне байланысты сұрақтарға 79-2-80 (32-06, 32-18) телефондары жұмыс күндері 09.00-13.00, 15.00-19.00-ге дейін жұмыс істейді. Қазалы ауданы әкімдігінің ресми интернет ресурсы: www.kazaly.gov.kz.

МЕДИАЦИЯ ЗАҢЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ АЯҚТАЛҒАН ІСТЕР

Медияция қызметі – «Медияция туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданған. Оған сәйкес, медияция қызметі азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастарға, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарға, қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын дауларға қолданылады.

Медияция рәсімін жүзеге асыруда тараптардың тең құқықтылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен алаламауы, медияция жүргізу рәсімдеріне өзгелердің кедергі келтіруіне жол бермеушілік, құпиялылық, қолданыстағы заң талаптарына сәйкестігі қағидалары сақталады. Дауларды медияциямен шешу азаматтардың талап-тілектерінің толықтай орындалуына, татуласу рәсімдерінің сапалы жүргізілуіне және жанжалдың түбегейлі жойылуына елеулі ықпалын тигізеді.

Тараптардың ерікті түрде ниет білдіруі медияцияға қатысудың негізі болып табылады. Сонымен қатар, тараптар кез-келген сатыда медияциядан бас тартуға, өздерінің материалдық немесе процессуалдық құқықтарын иеленуге, талаптар мөлшерін

ұлғайтуға немесе азайтуға немесе даудан бас тартуға құқылы.

Тараптар құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбайтын, заңда көзделген де, заңда көзделмеген де өзара қолайлы келісім нұсқаларын талқылау үшін мәселелерді таңдауда тараптар еркін болады. Тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медияция тараптарының өзара келісімі бойынша таңдалған, медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың қызметтерін орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады. Медиатордың қызметі кәсіби негізде және кәсіби емес негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазіргі таңда еліміздің сот жүйесінде медияция қызметі қазақ даласындағы дана қариялар мен билер дәстүрінің жалғасы ретінде қалыптасты. Қара қылды қақ жарып, дауды шешудің тура жолын айтып, адамдық қасиетті жоғары қоюға, әр уақытта сабырлы болуға және ел бірлігін сақтауға үндейтін бабалар ғұрпы әлі күнге дейін өзекті болып отыр.

Қазақ қоғамында дауласқан адамдарды татуластырып, бітімгершілікке шақыру дәстүрі ертеден қалыптасқан. Халық арасындағы жанжалдар ертеректе би-шешендердің қатысуы арқылы тараптардың ымыраға келуімен шешіліп отырған.



БАТА ДАРЫҒАН ЖАНДАР

Қазалы ауданының орталығында айта жүретіндей өнеге боларлық той болды. Той иелері отау құрғандарына елу жылдан асқан, тоғыз баланы ер жеткізіп, немере сүйіп отырған Молдабай мен Інкәр еді. Басты себеп Молдабай Ақниязовтың сексен жасқа толуы болатын. Мерейлі жастың мәнін ашу үшін ұрпақтары ардақты әке

ды. Ақтарылған ақ тілектер мен сый-сияпаттар мейірілі жандардың мерейін өсіре түсті. Қыздары мен немерелері әннен шашу шасса, тойға қатыса алмаған құда жекжаттар экраннан ақ жарма тілегін жеткізді. Астанадағы Мөңкебай досы шаңырағында отырып, ақ домбыраны қолына алып «Қайдасыңдар, достарым» деп

екен. Бәкеңе барып сәлем бердім. Осы кісі болар деп ойладым. Басқа кісілерден сұсы да, киімі де бөлек, әрі келбетті кісі екен.

-Қай баласың?-деді.

-Ақнияздың баласымын.

Батаңызды алайын деп шақыра келдім. Көке 9 май Жеңіс күні үйге келіңіздер,-дедім. Қуанып қалды.

-Жақсы барамыз. Осы отырған қариялар бәрі барды,- деді.

Үйге келдім, дайындықты бастадым. Шарбақтың ішіне қараша үй тіктік. Айтқан күні тоғыз адам болып келді. Малдың батасын алайын деп, ақсақалдардың алдына қысыр ешкі мен семіз қойды апардым. Қайсысын ұйғарса соны соямын деп шештім.

-Бата беріңіз,- дедім.

Біздің ағзамыздың тозғанын біліп тұр. Ешкінің еті жеңіл болады, ешкінің етін жейміз, -деп бата берді.

Ешкіні сойып қазанға салып пісіріп жатырмыз. Бекең дастархан үстінде:

-Мен тілек айтайын,- деді,

-Ақнияз, мына бала сіздің балаңыз ба?

-Иә, жалғыз балам. Бізді ауылдан көшіріп әкеліп отыр. Сіздердің баталарыңызды алайын деп шақырып отыр. Аты Молдабай,-деп әкем мені ақсақалдарға таныстырды.

-Балаңыздың келешегі зор болады. Қой мен ешкіні қатар әкеліп бізден бата алды. Көбісі оны білмейді ғой. Ешкінің еті қарияларға жеңіл болады деп ойлаған шығар.Ешкіні сой дегенім сол. Мұндайды кез келген жігіт ойламайды. Өркенің өссін! Ұл-қыздарың көп болсын! Алла абыройлы етсін!- деп Бегімбай көкем батасын беріп, сөзін аяқтады.

Сол ақсақалдың батасын Құдай қолдап, қабыл еткен шығар, өсіп-өніп жатырмын. Қабыл болды деп есептеймін, осы әңгімені балаларыма үнемі айтып отырамын,-депті Молдабай ағамыз.

Бегімбай Қосаев ақсақал бастаған тоғыз ақсақалдың батасын алған Молдекең тоғыз балалы болды. Бес бала бес отау иесі болса, тәрбиелі төрт қызы төрт шаңырақтың ибалы келіні болып әке, ананың абыройын асқақататып, бүгінгідей перзент парызын өтеуі сол аталардың ақ батасының дарығаны болса керек.

Аталардың ақ батасы дарыған Молдабай аға мен Іңкәр апамызға абыройлы қарттық, жарасымды жүз жасауына тілекші болдық.

Құдайберген ЕСЕКЕЙ

МЕДИАЦИЯ ЗАҢЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ АЯҚТАЛҒАН ІСТЕР

Азаматтарды татуластыру дәстүрі бүгінде еліміздің сот жүйесінде дауларды сотқа дейін реттеу тәсілдері арқылы жүзеге асырылуда. Татуласуға жататын даулар бойынша сотқа жүгінген азаматтарға алдымен татуластыру рәсімдеріне қатысу құқықтары түсіндіріледі. Тараптар татуласу келісімін, медиациялық келісім немесе партисипативтік келісімін жасап, дауды толық көлемде немесе бір бөлігі бойынша реттей алады.

Дауды бітімгершілікпен шешу азаматтардың уақытының үнемделуіне ықпал етіп, халық арасындағы дауласу деңгейін төмендетіп, адамдардың ымыраға келу мәдениетін қалыптастырады. Сондықтан, еліміздің сот жүйесі татуластыру рәсімдерін жетілдіруге кең көңіл бөлуде.

Бұл жолдағы маңызды қадамдардың бірі – сотқа дейінгі хаттама институтын қолданысқа енгізу болып табылады. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа еніп, сот жүйесінде сотқа дейінгі хаттама ұғымы пайда болды.

2023 жылдың I-жартыжылдығында Қазалы аудандық сотының өндірісіне 18 азаматтық іс және 558 талап қою түскен және осы мерзімде 498 іс қаралып аяқталса, оның 75-і тоқтатылған, осы 75 азаматтық істің 73-і медиация Заңын қолдану арқылы тоқтатылған.

Сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы да дауды бітімгершілік, медиациялық және партисипативтік келісімдермен реттеуге болатынын ескерсек, жоғарыда аталып өткен медиация арқылы тоқтатылған 73 азаматтық істің 50-і судья-медиатор арқылы сотқа дейінгі хаттама жасау жолымен, ал қалған 23 азаматтық іс кәсіби емес медиаторлардың көмегімен тараптарды бітімге шақыру жолымен тоқтатылған.

Сотқа дейінгі хаттаманың ерекшелігі, дау бойынша тараптар өзара дәлелдемелермен алмаса алады. Сонымен қатар, уақыт пен күшті үнемдеу, материалдық шығындардың болмауы және мемлекеттік бажды қайтару сотқа дейінгі хаттама жасаудың басты артықшылықтары болып табылады. Сайып келгенде, сотқа дейінгі хаттама дауды бітімгершілікпен аяқтауға және тараптардың бұрынғы қарым-қатынасын сақтап қалуға ықпал етеді.

Мұрат ОСПАНОВ,
Қазалы аудандық сотының
судьясы



мен аяулы ананы ұлықтау шараларын жасауды ойластырды. Ұрпақтарының бұл ойын көп жыл еңбек еткен ұжымы Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі, аудандық ардагерлер ұйымы қолдады.

Бір күн бұрын сонау жылдары өзі шәкірт болып табалдырығынан аттаған,еңбек жолын бастаған,басшы болып баянды қызмет істеп, ардақты ардагер болып зейнетке шыққан ЖУ, ГПТУ, қазіргі жоғары колледжі болған кәсіптік білім ордасы, ұжымы мен шәкірттері той иесін ұлықтады.

Шара соңында коллежд ұжымы мен басшысы, ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері Болат Ахметов інісіне деген шексіз алғысын білдірді.

Той аудан орталығындағы үлкен мейрамханада жалғасты. Астана, Алматы, Қызылорда мен Ақтөбенің арасындағы жақын-жуық, құда -жекжат, сыйлас іні-қарындас, ағайын-туыс, кластас бәрі той төрінен орын алды.

Той шарасында аудан әкімінің құттықтауын тапсырған аудан әкімінің орынбасары мерейлі қарт пен мейрімді кейуанаға шапан жауып, камзол тарту етті.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов ардагерлер ұйымының құттықтауы мен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының «Елеулі еңбегі үшін» медалін тапсыр-

экранда ән шырқап, Оған тойда отырған кластастар қосылып, той иесінің көңілін толқитты.

Әкені ардақтаған перзенттері қазіргінің арғымағы ақ көліктің кілтін табыстаса,досы Молдекеңнің «Өмір белестері» атты кітабының жарық көруіне ұйытқы болды, демеушілік көрсетті.

Молдабай Ақниязов өмір белестеріндегі әр сәтті қадамы аталардан алған ақ баталарының дарығаны деп біледі.

-Әкем 1988 жылы қайтыс болды. Мінезі қиын адам еді әкем, көбірек ұрысатын, өз айтқаны болмаса керіс шығаратын. Іңкәр оны ренжітпей тіл табыса білді. Мен сол үшін оған өте ризамын. Әкем өлерде батасын беріп «Іңкәр, көп ренжіттім, келінім» деп кешірім сұрады. Молданы шақырды, балдызы Қожа Қосымды шақырды, мені сол ата-бабам жатқан жерге жерле деп қоштасты Қайран әкем-ай, әулие екен ғой, -деп есіне алады Молдаекең.

-Бір күні ақсақалдың батасын алайын деп Бегімбай Қосаев деген туысқан көкемді үйге шақырмақ болдым. «Батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді» деген сөз бар ғой. Бегімбай үш ауданда басшы болған, абыройлы ақсақал деп әуелі әкеммен ақылдастым.

«Балам ойың дұрыс. 9 мамыр мерекесінде үйге шақыр. Сол күні дұрыс болар» деді әкем.

Базарда он шақты ақсақал әңгімелесіп, күн шуақта отыр

КЕНЕДЕН КЕЛЕР КЕСЕЛ КӨП

Конго – Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГК) – бұл вирус қоздырғышынан туындайтын аса қауіпті жұқпалы ауру, науқас дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеген жағдайда, өлім жағдайына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Конго – Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының негізгі клиникалық көріністері: инкубациялық кезең (ауру қоздырғышын жұқтырғаннан – аурудың алғашқы белгілерінің пайда болуына дейінгі мерзім) 1-14 күнге дейін созылады, бұл кезеңнің ұзақтығы вирусты жұқтыру жолына байланысты болады.

Аурудың алғашқы белгілері дене қызуының кенеттен 39-40 °C дейін көтерілуімен, қатты бас ауыруымен, көздің қызаруы, бет, мойын және дененің жоғарғы бөлігінің қан кернеуімен және мойын, арқа, белдің ауыруымен, лоқсу немесе құсу, іш ауыруы немесе өтуі, ал ауру одан әрі дамыған жағдайда денеде бөртпелердің пайда болуы, мұрыннан, қызыл иектен, жатырдан, асқазаннан қан кету белгілері, ине енгізу орындарында қанталау (гематомалар) белгілерінің байқалуымен сипатталады.

Конго – Қырым геморрагиялық қызбасы қалай жұғады?

Негізгі жұқтырушы және ауру қоздырғыштарын тасмалдаушы кене, сонымен қатар жабайы және үй жануарларының ағзасында да ауру қоздырғыштары болады. Адамның ауруды жұқтыруы жұқпаланған кенемен қатынаста немесе кене шаққан жағдайларда және қанында вирусы бар жануарларды сою кезінде, сондай-ақ науқас адамға күтім жасау кезінде немесе мәйіттің қанымен, сұйықтығымен және ағза бөлінділерімен ластанған медициналық құралдар арқылы жанама байланыс арқылы жұғуы мүмкін.

Конго – Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының алдын алу:

- Аурудың алдын алу үшін табиғи ошақ аумағында орналасқан елді мекендердегі жануарларды, қора-жайлар мен үй жайларының аумағын кенеге қарсы залалсыздандыру.

- Табиғи ошақтарда орналасқан тұрғындар малдарды күтіп қарағанда және қырқым кезінде кенелердің шабуылынан және кене қанымен жанасты болдырмау мақсатында жеке қорғану үшін арнайы киім кию қажет (қалпақты комбинезон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу, жақсы қорғалған аяқ және бас киім, резікке колғап).

- Табиғатқа демалысқа

шыққанда кененің жабысқаны көрінетін ашық түсті жақсы қорғалған резеңкелі манжетті жеңі ұзын көйлек кию қажет. Денеге кененің жабысқанын тексеру үшін өзіңіз және өзіңізге байқалмайтын орындарды (мойын, бастың шаш бөлігі, дененің артқы жағы т.б.) бір – біріңіздің үстеріңізді мұқият қарап отыру қажет. Дененің ашық жерлеріне және киімге кенелердің шабуылынан қорғайтын немесе оны өлтіретін арнайы сақтану құралдарын қолдану қажет.

- Кене шаққанда немесе кенемен жанаста болу арқылы аса қауіпті инфекцияны жұқтыру мүмкін болғандықтан, өзіңізді және өз жанұяңызды қорғау үшін міндетті түрде жеке басты қорғау, сақтану құралдарын пайдаланыңыз!

- Кене шаққан немесе кенемен жанаста болған жағдайларда міндетті түрде медициналық ұйымға қаралуыңыз және 14 күн медициналық бақылауда болуыңыз қажет.

Үстіңізден кене тапқан жағдайда не істеу керек?

Денеге қонған кене бірден қадалмайды, сондықтан оны уақытылы алып тастау ауру жұқтырудың алдын алуы мүмкін. Кенені алып тастаудың қауіпсіз әдістемесін естен шығармаңыз

ар: Кенені жалаңаш қолмен ұстамаңыздар, өйткені жұқпалы ауру агенті шырышты қабықтар немесе терідегі зақымданған жерлер арқылы енуі мүмкін. Осындай сақтық әсіресе кенелерді үй жануарларынан алып тастайтын адамдар үшін қажет. Ұшы өткір пинцетті пайдаланыңыз немесе саусақтарыңызды резеңке қолғаптармен немесе қолғап болмаса, матамен қорғаңыздар. Кәдімгі пинцетпен оны теріге мүмкіндігінше жақындата отырып, онымен кенені іліп алу қажет. Пинцетті қатты қыспай (кенені мыжып тастамау үшін) шайқалтпай, ақырын және жұлқыламай абайлап тарту керек, өйткені бұндай жағдай кененің ауыз бөлігінің бөлініп теріде қалып қоюына әкелуі мүмкін. Егер олай болса, ауыз бөлігін пинцетпен іліп, тартып шығару керек. Кенені тартып алғаннан кейін шаққан жерді спиртпен, йодпен өңдеңіз және қолыңызды сабындап жуыңыз. Кененің денесін мыжғылап бұзбаңыз, өйткені ішінде және сұйықтығында патогендер болуы мүмкін.

Гүлзат ЖҰБАНДЫҚОВА,
Қазалы аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы бас маманы

ТАҒАМ НЫСАНДАРЫНА ХАССП ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ

ХАССП (ағылшын транскрипциясы HACCP – Hazard Analysis and Critical Control Points, тәуекелді қолдану және бақылаудың аумалы нүктелері) қауіпті ахуалдың пайда болу ықтималы бар тамақ тізбегінің барлық кезеңдерінде, өндірістік процестің кез келген нүктесінде бақылауды қамтамасыз ететін азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін басқару жүйесі. Ең бастысы ХАССП жүйесін әлемнің барлық өркениетті елдерінің азық-түлік өнімдерін өндіруші компаниялары қолданады, ал АҚШ-та, Канадада, Жаңа Зеландияда, Жапонияда және тағыда басқа бірқатар мемлекеттерде ХАССП жүйесін заңнамалық деңгейде енгізу талап етілген.

Қазақстан Республикасында 2003 жылдан ҚР СТ 1179-2003 «Сапа жүйелері. HACCP принциптері негізінде тағам өнімдерінің сапасын басқару» стандарты әзірленіп, 2005 жылдан бастап қолданысқа енгізілген.

ХАССП-тың мақсаты -тәуекелдерді өндірістің бастапқы кезеңдерінде анағұрлым ерте анықтау және олардың алдын алу.

ХАССП-ның ерекшелігі –оны өндірістің барлық деңгейлерінде қолдануға болады, мысалы, алқаптардан бидай өнімін жинаудан бастап дүкендерде нан мен тәтті тоқаштарды сатуға дейінгі кезеңде.

ХАССП-ны қолдану сапа мен бақылаудың дәстүрлі әдістерінен бас тартуды білдірмейді, керісінше олардың үйлесімі барынша тиімді нәтиже беруі мүмкін.

Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйесі ХАССП 7 қағидатын ескере отырып әзірленуі керек:

1)тамақ өнімдерінің тіршілік циклінің барлық кезеңдеріндегі қауіп-қатерлердің маңызын және олардың қауіптілік деңгейін бағалау үрдісі арқылы қауіпті факторларды (қауіп-қатерлерді) талдау;

2)сыни қорытынды нүктелерді анықтау (бұдан әрі – СҚН);

3) әрбір СҚН үшін сыни шектерді белгілеу – үрдістің бақылауда екенін көрсететін критерийді анықтау;

4) жоспарланатын шаралар немесе бақылаулар негізінде СҚН бақылануын қамтамасыз ету мүмкіндігін беретін мониторинг

жүйесін әзірлеу;

5)мониторинг нәтижелері нақты СҚН-ның басқарылмайтынын көрсеткен жағдайда қабылдау жөн болатын түзетуші әрекеттерді анықтау;

6) ХАССП жүйесінің жұмысының нәтижелігін растау үшін анықтау рәсімдерін әзірлеу;

7) ХАССП қағидаттарына және олардың қолданылуына сәйкес келетін барлық рәсімдер мен жазбаларға қатысты құжаттамалар әзірлеу.

Қазіргі таңда ХАССП жүйесі азық-түлік өнімдерінің сапасын басқарудың және реттеудің негізгі моделі, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бас құралы болып табылады. ХАССП жүйесі тәуекел факторларын болдырмау жүйесі емес. Оның негізгі бағыты - азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігіне байланысты болатын проблемалардан туындауы мүмкін тәуекелдерді азайту.

Азық-түлік өнімдерін өндіруші компаниялар өздерінің кәсіпорындарына ХАССП жүйесін енгізе отырып, тауарлардың

рыноқтағы қозғалысы кезінде өздерінің өнімдерінің немесе сауда белгісінің қорғалуын қамтамасыз етеді.

Тамақ өнеркәсібінде тұтынушының басты талаптарының бірі – тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі өнім сапасының барлық аспектілерінің міндетті құрамдас бөлігі болып табылады. ХАССП жүйесі тамақ өнімдері қауіпсіздігімен байланысты болғандықтан, сапамен қауіпсіздік арасында қатаң байланыс болады.

Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 880 шешімімен бекітілген «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 021/2011 Кеден Одағының техникалық регламенті күшіне енуіне байланысты тамақ өнімдерін дайындаушы ХАССП принциптеріне негізделген рәсімдерді әзірлеуге, енгізуге және қолдануға тиіс.

Г.ОРАЗ
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы жетекші маман

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.